



ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ МЕКТЕБІ ҚАТАРЫНДАМЫЗ!

Кеше Ақмола облысы педагогтерінің тамыз кеңесінде мектебіміз үшін ерекше қуанышты сәт болды.

Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша мектебіміз Қазақстанның 100 үздік олимпиадалық мектебі қатарына еніп, осы жоғары жетістігіміз үшін Ақмола облысының әкімі Марат Мұратұлы Ахметжановтың қолынан 5 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сертификатпен марапатталдық!

Бұл марапат – мектебіміздің жүйелі жұмысына, білім сапасына, олимпиадалық бағыттағы нәтижелі еңбегіне берілген жоғары баға.

Осы жетістіктің артында шәкіртінің қабілетін танып, білімін шыңдап, биік белестерге жетелеген ұстаздарымыздың қажырлы еңбегі, білім додаларында мектеп намысын абыроймен қорғаған оқушыларымыздың талпынысы мен табандылығы, ата-аналарымыздың сенімі мен қолдауы тұр.



Ең бастысы – бұл бір мақсатқа жұмылған, бірлігі бекем, кәсіби әлеуеті жоғары мықты ұжымның ортақ жеңісі!

Біз үшін бұл марапат – үлкен мәртебе ғана емес, жаңа жетістіктерге жетелейтін зор жауапкершілік пен сенім.



Мектебіміздің еңбегін жоғары бағалап, білім мен дарынды балаларды қолдауға көрсетіп отырған қолдауы үшін облыс әкімі Марат Мұратұлы Ахметжановқа шынайы алғысымызды білдіреміз!

Мықты ұстаз – мықты шәкірт.

Мықты шәкірт – мықты мектеп.

Мықты мектеп – бір мақсатқа жұмылған мықты ұжымның нәтижесі!

Жеңісті жолымыз жалғаса берсін!

Алда – жаңа белестер мен жаңа жеңістер!